

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Химия, биология және ауыл шаруашылық кафедрасы**

Мурзабаев Б.

**5В080100 – «Агрономия» мамандығының студенттеріне арналған  
біртұтас**

# **Практика бағдарламасы**

5B080100 – Агрономия мамандығының студенттеріне арналған біртұтас практика бағдарламасы. – Шымкент: Шымкент университеті, 2016 ж. 8 бет.

Ұсынылған практика бағдарламасы 5B080100 – Агрономия мамандығының студенттеріне практикалық іс-тәжірибелерді өткізу үшін қажетті оқу-әдістемелік құрал болып табылады.

Рецензенттер:

Ермаханов М., М.Әуезов атындағы ОҚМУ доценті, т.ғ.к.

Жумадулаева А.И., Шымкент университеті, а.ш.ғ.к.

Практика бағдарламасы Шымкент университетінің оқу-әдістемелік кеңесінде талқыланып құпталды.

Шымкент университеті. 2016 ж.

## АЛҒЫ СӨЗ

Оқу практикасы оқу үрдісінің бөлінбейтін бір бөлігі болып табылады және оның студенттің алған теориялық білімін тереңдетуде, бекітуде, сондай-ақ келесі болатын өндірістік кәсіби қызметтерде дағдылар мен тәлімдерді алуда өзіндік мақсаты бар. Оқу практикасы Шымкент қаласында Тассай елдімекенінде орналасқан ЖШС ОБӨШ ҒЗИ-ң территориясында өткізіледі. Бұнда өсімдіктерге оңтүстік аймағының топырағына және ауа райы жағдайына сәйкес келетін агротехникалық шаралар жүйесін қалыптастырады. Оны осы аймақтың агроэкономикалық зоналарына лайықты етіп іріктеп, зерттеп, керек болса кей тұстарын қайта зерттеп ыңғайластырып отырады. Барлық тәжірибелер дала жағдайында өтеді.

Егіншілік жүйесін үнемді пайдаланып, ауыл шаруашылық дақылдарын өсіруде ғылыми терең технологиямен күту және тыңайтқыштар жүйесін пайдалану нәтижелігін қарастырады.

Студент оқу практикасының үрдісі кезінде агрономия мамандығы бойынша әртүрлі жұмыстарды ұйымдастырғанда алдыңғы қатарлы әдістер мен технологиямен танысады.

Оқу практикасы келешекте студентке өндірісте өз бетімен жұмыс жасаудың негізін салады, студенттің жеке қабілетін дамытады және ашып көрсетеді және алға қойған міндетін қайтседе орындауға тырыстырады.

Оқу практикасы құрал-жабдықтарға ұқыпты қарауға, жұмыс уақытын экономикалық тиімді пайдалануға үйретеді.

### **Практика бойынша жалпы ережелер**

*Оқу практикасының мақсаты мен міндеттері.*

Оқу, оқу-таныстыру практикасының мақсаты – білім алушыларды жоғары оқу орынының қызметінің бағыттарымен таныстыру, жоғары оқу орынының іске асырылған білім беру бағдарламаларымен, оқылған мамандығымен, болашақ кәсіби қызметінің мақсатымен және функция түрлерімен таныстыру.

*Оқу практикасының өткізілуіне қойылатын талаптар*

Оқу және оқу - таныстыру практикасының базасы оқу мекемелері, оқу шеберханалары, зертханалар, шаруашылық тәжірибелер, тағы басқа жоғары оқу орындарының оқу- қосымша бөлімшелері, сонымен қатар болашақ кәсіби қызметіне сәйкес ұйымдары болып табылады.

*Өндірістік (технологиялық) практиканың мақсаттары мен міндеттері.*

Өндірістік практиканың мақсаты түйінді күзиреттілігін бекіту, оқыту мамандығы бойынша практикалық дағды мен кәсіптік тәжірибе қалыптастыру болып табылады.

*Өндірістік практикасын өткізуге қойылатын талаптар*

Өндірістік практиканың базасын белгілеу оқытылатын мамандықтың профіліне байланысты (немесе салалас мекемелерде).

Өндірістік практиканың ұзақтығы және оның мөлшері мамандықтар бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес белгіленеді.

Өндірістік практиканың қорытындысы бойынша білім алушылар сәйкес кафедраларына есеп тапсырады, жетекшісі тексеріледі, кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғалады. Есепті қорғау қорытындысы тағайындалған балдық–рейтингтік әріпті жүйе бағасы бойынша дифференциалды сынақпен бағаланады.

### **Практиканың жеке түрлерінің бағдарламасы Оқу практикалары**

*Оқу практикасы туралы қысқаша сипаттама*

Оқу практикасы Шымкент қаласында Тассай елдімекенінде орналасқан ЖШС Оңтүстік Батыс Өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институтының территориясында өткізіледі.

*Оқу іс-тәжірибенің мақсаты:*

Оқу, оқу-таныстыру практикасының мақсаты – білім алушыларды жоғары оқу орынының қызметінің бағыттарымен таныстыру, жоғары оқу орынының іске асырылған білім беру бағдарламаларымен, оқылған мамандығымен, болашақ кәсіби қызметінің мақсатымен және функция түрлерімен таныстыру.

*Оқу іс-тәжірибенің міндеті:*

Практика кезінде бакалавр агрономына лайық кәсіби дағдыны қалыптастырады.

*Студентке есеп құжаттарын жазуға қойылатын талаптар*

- жеке тапсырмаларды орындау, практика күнделігін жазу;
- ғылыми әдебиеттермен жұмыс жасау;
- ЖОО-ғы практика жетекшісіне мекеме жетекшісінің қолы қойылған жеке тапсырманы орындағаны жөніндегі практика күнделігін, жазбаша есебін, баға қойылған мінездемесін өткізуі керек;
- практика нәтижесі бойынша есебін кафедра мәжілісінде қорғау.

*Өндірістік (технологиялық) практика туралы қысқаша сипаттама*

Өндірістік (технологиялық) практика ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіретін алдыңғы қатарлы меншіктігі әртүрдегі шаруашылықтарда өтеді.

### **Диплом алды практикасы**

Диплом жұмысын (жоба) жазу және қорғау үшін білімдік–кәсіптік бағдарламада диплом алды практикасы қарастырылады.

Диплом алды практикасының мазмұны – диплом жұмысының (жоба) тақырыбымен анықталады.

Жеке мамандықтар бойынша диплом алды практикасының мақсаты, талабы, мазмұны мен өтетін уақыты өндірістік практикамен сәйкес келуі мүмкін.

Диплом алды практикасының ғылыми жетекшісі – негізінен диплом жұмысының (жоба) ғылыми жетекшісі болып табылады.

Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына сәйкес диплом жұмысын (жоба) жазуға, диплом алды практикасының ұзақтығы және оның мөлшері академиялық сағат немесе берілген кредитпен анықталады.

Диплом алды практикасының аралығында білім алушылар практика базасында тиісті кәсіптік қызметі туралы нақты мағлұмат жиынын, диплом жұмысы (жоба) тақырыбы бойынша практикалық мағлұматтарды іске асырады. Практиканың қорытындысы диплом жұмысы (жоба) жазуда қолданылады және тиісті нұсқамен даярланады.

Диплом алды практикасының қорытындысы диплом жұмысын (жоба) алдын ала қорғауда жүзеге асырылады, оның тәртібін жоғары оқу орны анықтайды.

Диплом алды практикасының қорытындысы бойынша білім алушылар сәйкес кафедраларына есеп тапсырады, ғылыми жетекшісімен және кеңесшісімен тексеріледі. Кафедра меңгерушісінің өкімімен құрылған комиссия алдында қорғалады. Есепті қорғау қорытындысы тағайындалған балдық-рейтингтік әріпті жүйе бағасы бойынша дифференциалды сынақпен бағаланады.

### **Практиканың қорытындысын шығару тәртібі**

Студенттің оқу практикасының нәтижесі жөніндегі есебі, мінездемесі, күнделігі практика жетекшісімен тексеріліп, кафедра меңгерушісі өкімімен бекіген комиссия мүшелерінің алдында қорғалады да, есебі кафедраға өткізіледі. Есептің қорғау нәтижесі балдық-рейтингтік әріп жүйесіндегі дифференциалдық есеппен бағаланады.

### **Білімді бағалау тәртібі**

Қорытынды баға қойылғанда төмендегі критерийлер ескеріледі:

- практика есебінің жазылу сапасы;
- берілген материалдардың орналасу логикасы мен реттілігі;
- есеп көлемінің берілген межеге сәйкестігі;
- есепті қорғаудың сапалық деңгейі;
- қойылған қосымша сұрақтарға жауабы.

Практика есебі бойынша біліміне қорытынды баға беру:

- берілген талап бойынша есепті жазуға- 30 балл;
- есепті қорғағаннан кейінгі біліміне баға беру- 60 балл;
- қосымша сұрақтарға берген жауабына-1 балл.

### **Білімді бағалау критериілері:**

Бағаларды шкаламен бағалау білімді өлшеу құралы болып табылады.

Бағаларды шкалалық бағалау балды-рейтингтік әріп жүйесіне негізделген. Баллдың сандық эквивалентіне, бағаның пайыздық құрамы және дәстүрлік бағаға сәйкес бағаларды әріптік жүйеде көрсететін балды-рейтингтік әріп жүйесі он бір баллдық шкаладан тұрады.

Әріптік жүйенің бағасы болып білім деңгейіне байланысты А(ең жоғары баға) -дан F (ең төменгі баға)-ға дейін. ағылшын тіліндегі әріптер алынған.

Баллдың сандық эквиваленті болып 1,0-ден 4-ке дейін есептелеетін дұрыс және 0- қанағаттанарлықсыз бағаларға сандық жүйедегі арап сандары алынады.

Бағаның пайыздық құрамы пайызбен анықталады. Бұл үшін дұрыс бағалар 50% -тен 100%-ті , қанағаттанарлықсыз баға –0- ден 49%-ті алады.

Дәстүрлік баға төртбалды шкалада өте жақсы, жақсы, қанағаттанарлық, қанағаттанарлықсыз бағадан тұрады.

Студенттерге ақырғы нәтиже емтихан өткен күні емтихан комиссиясы мүшелерінің кеңесінен кейін жарияланады.

- егер алған баллы 90 – 100 –ді құраса **өте жақсы** бағасы қойылады;
- егер алған баллы 75 – 89- ды құраса **жақсы** бағасы қойылады;
- егер алған баллы 50-74-ті құраса **қанағаттанарлық** бағасы қойылады;
- егер алған баллы 0-49 –ді құраса **қанағаттанарлықсыз** бағасы қойылады.

### **Оқу іс-тәжірибеге арналған әдістемелік нұсқаулар**

1. Агрохимия: Учебник для вузов/ Под ред. Б.А.Ягодина.-М.:Колос,2004
- 2.Веремейчик Л. А. , Гуз А.Ф. Основы земледелия, агрохимии и защиты растений:Учеб. пособие.-Минск:Ураджай, 2000
3. Муравин Э. А. Агрохимия: Учебник для сред. спец. учеб. завед. По агроном. спец.-М.:КолосС,2004
4. Пискунов А.С. Методы агрохимических исследований: учебное пособие [для вузов по спец. "Агрохимия и агропочвоведение", Агро-экология"/А.С.Пискунов. М.:КолосС, 2004
- 5.Биологическая защита растений:учебник для студ. вузов/М.В.Штерншис [и др.]; под ред. М. В. Штерншис.-М.:Колос С, 2004.-264 с
- 6.Веремейчик Л. А. , Гуз А.Ф. Основы земледелия, агрохимии и защиты растений:Учеб. пособие.-Минск: Ураджай, 2000
- 7.Защита растений от болезней: учебник [для вузов по агр.спец]/под ред. В.А.Шкали-кова.-2-е изд., испр. и доп.-М.:КолосС, 2004
8. Основы генетики и разведения домашнего скота/авт.-сост.Ф.Г.Топалов.- М.:АСТ; Донецк: Сталкер,2003
9. Стамбеков С.Ж. Генетика.-Түзетіліп,толықтырылған 2-басылымы.- Новосибирск: жылы,2002.-463б.

10. Генетика: учебник для вузов по спец."Зоотехния"/Е. К.Меркурьева, З. В. Абрамова, А. В. Бакай, И. И. Кочиш.-М.:Агропромиздат,1981

**Студенттердің өндірістік (технологиялық) іс-тәжірибе кезінде жүргізілетін жұмыстары туралы күнтізбек графигі**

**Практиканың күнтізбек графигі**

Орындайтын жұмыс түрлері	Мазмұны	Орындалатын күндері	Жұмыс орны
Табиғатқа ерте көктемде шығу	Ерте көктемде шығатын өсімдіктердің өсіп-даму шақтарын белгілеу. Өсу ерекшеліктерін белгілеу.		ОБҒЗИ
Өсімдіктердің фенологиялық кезеңдерін белгілеу	Өсімдіктердің өсу кезеңдерінің басталуы мен аяқталуын анықтау.		ОБҒЗИ
Ерте пісетін өсімдіктердің пісу кезеңдерін белгілеу	Ауыл шаруашылық біржылдық және көпжылдық өсімдіктердің гүлдеуі мен тұқым түзуінің басталу фазасын белгілеу		ОБҒЗИ

**ШЫМКЕНТ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Химия және биология, ауыл шаруашылық» кафедрасы**

Технологиялық практика жөніндегі

**Е С Е П**

\_\_\_\_\_ (ұйымның атауы)

\_\_\_\_\_ (ұйымның мекен жайы)

Студент \_\_\_\_\_ (аты жөні, тегі)

Тобы \_\_\_\_\_

Практиканың өту мерзімі \_\_\_\_\_

Практиканың ұйым тарапынан жетекшісі \_\_\_\_\_

Практиканың кафедра тарапынан жетекшісі \_\_\_\_\_

Практика есебі " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж.  
" \_\_\_\_\_ " бағаға қорғалды.